



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

Пресс, Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2000. - 512 с.

2. Васильева Э.К. Образ жизни городской семьи. М. : Финансы и статистика, 1981.

3. Качанова О. И. Семейные кризисы и пути их преодоления [Текст] / О. И. Качанова // Молодой ученый. - 2011. - №10. Т.2. - С. 141-145.

УДК 331.538:314.44(574)

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖҰМЫСҚА ҚАБІЛЕТТІ МҮГЕДЕК АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕСІ**

**Кәрім Жұлдыз Қайратқызы**

[zhuldyzkarim@mail.ru](mailto:zhuldyzkarim@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 2 курс студенті,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Е.Манжугулова

Кәсіби жігерлілік әр адамға толыққанды өмірлік іс-әрекеті үшін өте маңызды. Ол адамды тек экономикалық тәуелсіз болуды ғана қамтамасыз ете қоймай, оған қоса жеке біліктіліктерінді, өнерінді дамытуға мүмкіндік береді. Кәсіби іс-әрекет индивидті қоғам құндылықтарына интеграциялайтын бірден-бір фактор. Еңбек адамды өз-өзін сыйлауға, жекебастылығынды сезінуге, заманауи ортаның толыққанды мүшесі болуға ықпалдасады.

Мүгедек жандардың жұмысбастылығына берілетін көптеген анықтамалар ішінен В.Н. Ярскаяның көзқарасын бөліп қарастыруға болады. Ол мүмкіншілігі шектеулі жандардың жұмыспен қамтылуын жаңа әлеуметтік институт, әлеуметтік саясатты дамытудағы жаңа әлеуметтік стратегия, құтқарудың, аман қалудың, индивидті реабилитациялаудың жаңа идеологиясы деп түсіндіреді [1, 210б].

Соңғы жылдары Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі жандарға бағытталған мемлекттік саясат мәселелері өз маңыздылығын арттыруда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 желтоқсандағы N 711 Жарлығы бойынша Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы Факультативтік хаттамаға қол қойылды. Бұл конвенцияның арқасында заңды түрде мүгедектерді қайырымдылық объектісі ретінде емес, өз-өзін дамытуға мүмкіндік беретін құқық иесі ретінде қабылдауға себеп болған мүгедектер құқығын қорғайтын алғашқы келісім болды. Конвенцияның аса маңызды бағыттарының бірі мүмкіндігі шектеулі жандарды кәсіби реабилитациялау және жұмыспен қамту болып отыр.

«Мүгедектік» пен «әлеуметтік қолдаудың» жаңа түсінігі тек әлеуметтік жәрдемақылар төлеуді ғана емес, сонымен қатар реабилитациялық, қоғамға интеграциялау жұмыстарын қамтуда. Енді Қазақстанның алдыға қойған мақсаты - мүгедектер білім алатын, экономикалық, мәдени және әлеуметтік салаларда қатыса алатын орта құру. Осы мақсатты реализациялау үшін «2012-2018жж арналған мүгедектер өмір сүру сапасын жақсарту жоспары» қабылданған болатын. 2014 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті, партия Төрағасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында «Нұр Отан» партиясына мүгедектердің өмір сапасын арттыру жөнінде жұмысқа басшылық етуді тапсырды [2]. Соған байланысты партия мүгедектердің өмір сапасын арттыру мақсатында «Кедергісіз келешек» атты жобасын ұсынды. Алайда, қойылып жатқан жоспарларға қарамастан, еліміздегі жарымжандардың жағдайы қуантарлық емес. Қалыптасқан тәжірибеміз көрсеткендей, жұмыс берушілер мүгедектерді оларға жүктелген жұмысты орындай алмайды және қымбатқа соқтырар деген ойда жұмысқа алудан бас тартуда. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты бойынша бүгінгі таңда Қазақстанда барлық категориядағы мүгедек адамдар саны 627мың адам, бұл бүкіл халық санының 3,7% құрайды, соның 65,6% еңбекке жарамды деп саналады. 2015 жылға

мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыспен қамтылғандары еңбекке жарамды мүгедектер санының шамамен 21% (82 мың адамға жуық) құрайды [3].

Мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмысбастылық мәселесін қарастыра келе, бұл мәселенің екі жақты сипаты бар екенін айтуға болады: біріншіден, мемлекет пен кәсіпорын тарапынан болса, екіншісі мүгедектің өзінен.

Жарымжан жұмысқа орналасу барысында көптеген жұмыс берушілердің артық шығын, олардың психологиялық ерекшеліктері, емдеу мәжбүрлігі, қосымша жұмысқа тарту мүмкіндігінің жоқтығы себебінен қиыншылық көреді. Әдетте мүгедектер кәсіби қарым-қатынасқа түсетін адамдар мүгедектердің қалыпты әлеуметтік ортада белсенді ат салысу потенциалын жеткілікті бағаламайды.

Мүгедектер тобындағы адамдар жұмыс іздеуде мемлекет тарапынан да қолдауды қажет етеді. Алайда, мемлекеттік дәрежеде келесідей мәселелерге аз көңіл бөлінуде:

Қоғамдық көліктерде қозғалу мүмкінсіздігі;

Арнайы мүгедектерді оқыту бағдарламасының жоқтығы;

Оқу, жұмыс орындарының толық жабдықталмағандығы, т.б.

Қоғамдық көліктертедегі мүгедектердің қозғалу мәселесі әсіресе еліміздің кіші қалалары мен шалғай ауылдарында шиеленіскен. Мысалы, Астана қаласында тірек-қозғаушы аппараты бұзылған адамдарға арналған арнайы «Инватакси» тасымалдаушы көліктері іске қосылған. Өкінішке орай, бұл тек үлкен қалаларға тән жетістік.

Осыған байланысты мүгедектерде басқа дені сау адамдармен қатарлас болып оқуға және жұмыс істеуге әлі де толық мүмкіндіктері жоқ деп айтуға болады.

Сонымен қатар мүгедектердің жұмыс істеуге психологиялық даярсыздығы да бұл мәселеде үлкен тежеуші фактор болып табылады. Олардың қатардағы адамдардан қысылуы, өз жағдайынан ұялуы әлеуметтік ортаға сіңісіп кету мүмкіндігін төмендетеді. Басқа адамдардың мүгедектермен байланысқа түсуден қашуы, оларда толыққандық емес комплекстерін тудыруы мүмкін. Тіпті басқа адамдар тарапынан ондай шектеу болмағанның өзінде-ақ, мүгедектер өзіне қарым-қатынасын негативті қабылдайды. Коммуникативті қатынасқа түскенде де өз ойын толық білдіруге қысылады. Жалпы өз-өзіне деген сенімсіздік, өмірге деген өкпе және белсенді өмір сүру мүмкіндігінен қол үзуі мүгедек адамдардың қоғамға адаптациясын кері жаққа тартады.

Мүгедек адамдардың адаптациялануының төрт негізгі типі ажыратылады:

1. Белсенді-позитивті тип. Негативті өмірлік жағдайдан шығу жолдарын өз бетінше іздеумен сипатталады. Жағымды талпыныс, жоғары өз-өзін бағалауы, оптимизм, жігерлілік сияқты қасиеттер тән.

2. Енжар-позитивті тип. Мүгедек адамдарда өзін-өзі төмендете бағалау байқалады, қазіргі жағдайынан өзгеріс жасауға деген ұмтылыс болмайды.

3. Енжар-негативті тип. Қанағаттанушылық жоқ және оны өз бетінше өзгертуге деген қалаудың болмауы. Осының бәрі өзін төмен бағалау, психологиялық дискомфорт, басқаларға күдікпен қарау сияқты сипаттармен сүйемелденеді.

4. Белсенді-негативті тип. Бұл типтегі қанағаттанбаушылық пен психологиялық дискомфорт жағдайды оң жаққа өзгертуді шектемейді [4, 21-226].

Өкінішке орай, мүгедектердің арасында адаптацияланудың белсенді-позитивті типі өте сирек кездеседі.

*Мүгедек адамдар жұмысқа орналасуда кездестіретін негізгі проблемалар:*

- Мүгедектердің ықтимал мүмкіндіктерін анықтау.

Қазіргі таңда медициналық-әлеуметтік экспертизаның ұсыныстары мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыруда ықпалдаспауда. Олардың нақты емес сипатына бола жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар орындарының және кәсіп түрлері саны аз.

- Мүгедектердің кәсіби бағдарлануы.

Қазақстанда жұмыс іздеп жүрген мүгедектердің кәсіби бағдарлану жүйесі жасалмаған.

- Мүгедектерді кәсіби даярлау мен қайта даярлау.

Мемлекетіміздегі мүгедектерді кәсіби даярлау мәселесі өте төменгі дәрежеде және

толыққанды жоспары жоқ.

- Мүгедектерге арналған еңбек нарығының қалыптасуы және олардың жұмысбастылығы.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мүгедектердің еңбек нарығы ортақ еңбек нарығының бір сегменті ретінде әлі толық дамымаған.

- Мүгедектерді кәсіби реабилитациялау мен жұмыспен қамтылу процестеріне ат салысатын мамандарды даярлау мен қайтадаярлау жүйесі [5].

Бұл мәселелердің бәрі өте күрделі және шешілуіне ұзақ уақытты қажет ететін қазіргі қоғамымыздағы өзекті мәселелер. Сонда да, Елбасымыздың сөзінде айтылғандай, жаңа велосипед ойлап табудың керегі жоқ, барын үйреніп, өз ортамызға сай етіп бейімдеу керек, яғни шет ел мемлекеттерінің тәжірибесіне сүйене отырып, олардың келесідей шешілу жолдарын ұсынуға болады.

- Мүгедектердің кәсіби мүмкіндіктерін анықтауда жаңа технологиялар қолдану.

Жұмыс құрылымына дамыған мемлекеттер тәжірибесінде қолданылатын электронды анықтама ендіру керек. Бұл программалық әдіс мүгедекке қол жетімді кәсіптер тізімін құруға мүмкіндік береді және де мүгедектер еңбегін пайдалану үшін жұмыс орнын адаптациялау жұмыстарына ұсыныстар бере алады.

- Қазақстан Республикасында «инклюзивті білім беру» бағдарламасын мүгедектерді кәсіби даярлауда (қайтадаярлауда) көпдеңгейлі дәрежеге жететіндей етіп дамыту. Яғни, жұмыс орнынан білім беруден бастап, жоғарғы білім алу мен кейін жұмысбастылыққа кепілдік болатындай етіп жетілдіру.

- Мүгедектерге арналған еңбек нарығын құру үшін мүмкіндігі шектеулі жандар еңбек күшіне сұраныс пен ұсыныс қалыптастыру керек. Ол үшін:

-жұмыс істейтін және жұмыс іздеп жүрген мүгедектер туралы мәліметтер базасын құру;

-мүгедектерге арналған жұмыс орындарының мәліметтер базасын құру;

-мүгедектер кәсіби дайындық(қайтадаярлау) ала алатын мекемелер туралы мәліметтер базасын құру керек.

- Сонымен қатар жұмысбастылық аясында мүгедектерге ашық еңбек нарығында бос ваканттық орынға таласуға мүмкін болу үшін нормативті база құру, яғни позитивті дискриминацияны орнату.

Мүгедектерге арналған еңбек нарығы жалпы еңбек нарығының бір сегменті бола тұрып, Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмысқа тұру тиімділігін арттыра алады.

Осы мәселенің мекемеаралық сипатын ескере отырып, мүгедектердің кәсіби реабилитациялауына ат салысатын білім беру, медицина саласындағы, жұмыспен қамту орталықтарының, мүгедектердің еңбегін пайдаланатын мекемелердің мамандарын даярлау (қайтадаярлау) керек [6].

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңының 3 тарау 31 бабында былай деп жазылған: Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды: 1) жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу... арқылы қамтамасыз етеді [7, 126].

Алайда, осы 3 пайызды квота нақты қазіргі кезде жұмыс істемейді, себебі осы заңды орындайтын белгілі механизмі жоқ. Бизнесмендер мүгедектерді жұмысқа алуды тиімсіз деп көреді. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 87 бабына сәйкес жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзуы, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Лауазымды адамның және заңды тұлғаның, осы Кодекстің 18-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнаманы бұзуы, -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға - жетпістен екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. (АЕК- 1982теңге) [8, 616]. Тіпті осындай айыппұл мөлшеріне қарамастан, олар мүгедектерді жұмысқа алудан бас тарту үшін жүздеген себеп- амал ойлап табуы ыңғайлы. Олардың бас қорқынышы мүгедектер бар жұмыс штабының әсерінен фирма өнімділігі мен табысының төмендеу мүмкіндігі. Заң енгізілгеннен кейін, ол қатаң түрде орындалуы тиіс. Фирмалар толық тексерістен өтулері керек. Себебі, кей жағдайда жұмыс беруші формальды түрде қағаз жүзінде ғана мүгедекті жұмысшылар қатарына тіркеп қойып, заң алдындағы жауапкершіліктен құтылып кетуі мүмкін.

Сонымен, мүгедектік дегеніміз – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылу салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі.[ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңы]. Мүгедек санатына жататын адамдар міндетті түрде әлеуметтік қорғауға мұқтаж жандар болып табылады. БҰҰ мәліметіне сәйкесінше, дүние жүзінде физикалық және психикалық ауытқуы байқалатын шамамен 450 миллионға жуық адам бар және ол планетамыздың 1/10 бөлігін құрауда [9, 3 декабря, 2014 год]. Кез келген мемлекетте еңбекке қабілетсіз жандар мемлекеттің қамқор көрсету объектісі болып табылады. Біз мүгедек адамдарға мемлекет тарапынан тұрақты материалдық көмек көрсетілетінін білеміз, мысалы, зейнетақы, жәрдемақылар, жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер, т.б. және оларға бұндай қолдаудан басқа адаптациялық, кәсіби реабилитациялық жұмыстарын қамтамасыз ету керек екендігін түсіндік. Жоғарыда айтылғандай, мүгедектерді қолдауға, еңбек нарығының сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар саны біршама. Олардың қол жеткізген жетістіктерін де айтып кеткен жөн. Мысалы, еліміздің жетекші «Нұр Отан» партиясының әлеуметтік топтармен мақсатты жұмысы күшейіп келе жатыр. Жұмыстың жобалық-мақсаттық жаңа үлгісі шеңберінде партиялық 12 жоба іске асырылып жатқан болса, соның ішінде «Кедейгісіз келешек» бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмір сапасын арттыруда. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, осы жоба аясында 428 бос орындар жәрмеңкесі өткізілді; 12 мыңнан астам мүгедек жұмысқа орналастырылды, олардың ішінде 7 мыңнан астамы (59%) тұрақты жұмысқа орналастырылды; мүгедектердің құқығын қорғау мәселесі жөніндегі заң жобасына 77 ұсыныс енгізілді; 3,2 мыңнан астам тақырыптық қабылдау өткізілді; Қолжетімділік картасы ([map.nurotan.kz](http://map.nurotan.kz)) іске қосылды. 21 бет Жалпы Республика бойынша жұмыссыздық деңгейі 5,0%-ға төмендеді; ал кедейлік деңгейі 2,9%-ға дейін төмендеді [10, 96]. Мүгедектер және барлық әлеуметтік көмек алатын азаматтар арасында баспана мәселесі де өзекті болғандықтан, бүгінгі күнге 21 млн м<sup>2</sup> тұрғын үй салынғандығын айтуға болады [10, 86].

Атаулы әлеуметтік көмек алатын еңбекке жарамды азаматтар үлесі 30,8%-ға дейін төмендегені, бүгінгі дағдарыс кезеңінде еліміздің қара халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын қамтамасыз етіп отырғаны үлкен жетістік. Елбасымыз 2015 жылы өткен «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде айтқаныдай, дағдарысқа байланысты бізде зейнетақы, еңбекақы, арнаулы әлеуметтік төлемдер мөлшері төмендемейді, яғни халыққа уайымға салынатын себеп жоқ. Алайда, дағдарыс жағдайына жетпес үшін халықтың өзі Елбасы саясатын барша қолдау керек, себебі қоғам өз жағдайын өзі жақсартуға ұмтылмаса, зайырлы мемлекетіміздің қолдауы нәтижелі болмас. Сондықтан, менің қорытынды ойым, әрине медальдің екі жағындай, әр артықшылықтың қасында жетіспеушілігі де болады. Мүгедектерді жұмыспен қамту мәселесі де шешілетін сауал және ол ең негізгі ресурс-уақыт, қаражат, жауапкершілік ісі. Егер біз берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындап, шын ынтамызбен мүгедектерге көбірек көңіл бөлсек, онда еліміздегі жағдай одан әрі жақсара түсер деген ойдамын, себебі сол мүгедек азаматтарымыздың арасында да небір мемлекет қайраткері бола алатын адамдар отыр, ал біз оларды тек қолдап, істі бастауға итермелеуші күш беруіміз керек.

### **Қолданылған әдебиет**

1. Ярская-Смирнова Е.Р., Наберушкина Э.К. Социальная работа с инвалидами. /Е.Р.Ярская-Смирнова, Э.К. Наберушкина. – СПб.: Питер, 2004, – 316с.
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000254> Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының екінші кезеңін (2014 – 2015 жылдар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 254 қаулысы.
3. <https://www.mzsr.gov.kz> Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. Ресми интернет қоры.
4. Карякина О.И., Карякина Т.Н. Основы реабилитации инвалидов: Учебное пособие. – Вологод: Издательство Вологодского государственного университета, 1999. – 88с.
5. Омарбекова Ж.А. Проблемы трудоустройства инвалидов в Казахстане и пути их решения// Программа занятости 2020.- 2010-07-20
6. Национальный план действий на долгосрочную перспективу по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов в Республике Казахстан на 2012 – 2018 годы [http://krgsoc.gov.kz/rus/baza\\_4](http://krgsoc.gov.kz/rus/baza_4)
7. Қазақстан Республикасының Заңы: Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы. - Алматы : Бико, 2005. - 15 б.
8. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 640б.
9. <http://tass.ru/obschestvo/1614763>. Информационное агентство РФ - «тасс».
10. «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің 2011-2014 жылдарға арналған есебі. Наурыз-2015//[www.nurotan.kz](http://www.nurotan.kz).

УДК 159.942.5

### **ҚАЙҒЫНЫҢ БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Кенжебекқызы Әлия**

*Barshatas-87@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Психология мамандығының 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

**Иманбекова Ботакөз Дәулетовна**

Іле ауданы, Боралдай кентінің №39 гимназияның мұғалімі

Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ. Айқынбаева

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі [1]. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық, физиологиялық және психологиялық денсаулығы жоғары етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы басты борышымыз. Өсіп келе жатқан ұрпақты балалығынан айырмай, келеңсіз жағдайлар мен көңіліне кірбің келтіретін жағдайлардан алдын алу қажеттігі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Кейбір дәуір кезеңінде ата-аналар балаға тәлім-тәрбие берумен бірге олардың бойында ақыл-қайрат, білім-тағылым алу, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына үнемі көңіл аударып, жете мән беріп отырған.

Бала бойындағы мінез құрылымының компоненттерін, оның тұлғалық ерекшеліктері мен айналасындағы әлеуметтік ортаның ықпалына икемделе құрылатынына талдама жасаған: Б.Г.Ананьев, А.Г.Ковалев, Н.Д.Левитов, В.С.Мерлин, В.Н.Мясищев, Ю.А.Самарин, И.В.Страхов, И.Невский, И.Конт, А.М.Яковлева және т.б.

Бала бойындағы мінез-құлық мәдениеті-адамшылдық қарым-қатынастың негізгі талаптары мен ережесін сақтау, айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас құра білу.